

Ел жүрегі - елорға шежіресі

АСТАНА АҚШШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ғалам бір ғана бөлшектен жаралған ол – эфир бөлшегі

Алдыңғы жылы бас шаһарда ұлы ғалым Никола Теслаға көше берілді. Бұл – атақты өнертапқышқа көрсетілген үлкен құрмет. Анасы «Күн сәулесінің баласы» деп атаған айтулы ғалым физика, инженерия, электроника және радиотехника саласында адам таңғаларлықтай жаңалықтар ашып, әлемдік ғылымға олжа салды. Бірегей тұлға көзі тірісінде ғылымның келешегін болжап, 2018 жылы әлемнің жаңа теориясы туады деп айтыпты. Кім біледі, осы жаңалықты қазақ баласы да ашуы мүмкін ғой?! Өйткені ғалым Изеталы Шаймерденұлының әлемнің жаратылысы жайындағы жаңа теориясы ғылымдағы соны ізденістерге жетелейді. Изеталы аға қара жаяу адам емес. Алматыдағы физика-математика мектебінде үздік оқып, Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдаған. Үш патенттің авторы.



Изеталы ТІЛЕШОВ, физика-математика ғылымдарының кандидаты:

– Аға, өзіңіз ойлап тапқан теорияның басқа теориялардан қандай айырмашылығы бар?

– Бүгінге дейін әлемнің ашылмаған жұмбағы жетерлік. Өз басым ғаламды реттеп, заңдастырып отыратын бір құдіретті күш бар деп сенемін. Қазір мүйізі қарағайдай ғалымдар да осындай ойға келіп отыр. Бүгінде көзі қарақты қауымды осы әлемді кім жаратты, ол қалай жаралды деген сан сауал ойландырып келеді. Бұл ой менің де ұйқымды қашырды. Сондықтан өзім физик, ғалым ретінде әлемнің жаратылысы жайында зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Оның теориясын жасадым. Нәтижесі де көңілімді көншітті. Бұл

теорияда бізді қоршап отырған ғаламды бір құдірет күштің жаратқаны ғылыми дәлдіктермен дәлелденді. Құдіретті күш әлемді өте майда бөлшектерден шексіз тор жасады. Ол майда бөлшектер эфир деп аталады. Осы тордың кейбір жерлерінен, эфир бөлшектерінен тұратын, керекті массасы ойылып алынған (оны физикада қара тесік деп атайды). Содан кейін ойып алынған эфирден (шамамен 5 пайыз) галактика, жұлдыздар, планеталар және қалған басқа заттар жасалған.

Қара тесіктен эфирді ойып алған соң, әлемде эфирдің екі түрі пайда болады: біріншісі – тордағы қозғалмайтын эфир (эфирдің бөлшектері тордан кетпейді, бір орнында теңселіп тұрады). Екіншісі – қозғалғыш эфир (ойылып алынған эфир, тордан бос жүрген эфир, ол галактикадағы жұлдыз, планеталармен бірге қара тесікті айналып жүреді). Қозғалғыш эфирдің тығыздығы қара тесіктен алыстаған сайын азаяды да, осы галактикадан тыс жерде бітеді. Қозғалғыш эфир, жұлдыздар мен планеталар қара тесікті айналдырып, итеріп жүреді. Қозғалғыш эфир, жұлдыздар, планеталар – бәрі қара тесікті бір жиілікпен айналады. Сондықтан қозғалғыш эфир, жұлдыз және планеталар бір-біріне қарағанда қозғалмайды.

Әлемде эфирдің тығыздығы жұлдыз, планета және басқа заттарға қарағанда өте жоғары. Құдіретті күш барлығына: галактикаларға, жұлдыздарға, планеталарға, эфирге және т.б. бастапқы импульс берді (айналдырды) және біздің әлемге 9 санын код етіп жасап берді.

– **Никола Тесла да 1-ден 9-ға дейінгі сандар жайлы айтады...**

– Иә. Ол осы сандардың біздің әлемде маңызды екенін көрсетіп, бүгінгі уақытты цифрлық ғасыр болады деп айтқан. Қара тесіктерден эфирді ойып алғаннан кейін, ол жерлерде эфирдің тығыздығы мен қысымы ноль болып қалды, сондықтан барлық зат сол жерге тартылып, құлауға ұмтылады (қара тесіктің гравитациясы осылай пайда болады).

Эфир бөлшектерінің саны шамамен 1025 дана 1 м³-та болады. Бұл әлемдегі эфир бөлшектерінің 1 м кубтағы тығыздығын көрсетеді. Бір санын осы санға бөліп, эфир бөлшегінің өлшемін табамыз. Ол 10-25 м болады. Бұл – өте кішкентай сан. Салыстырмалы түрде айтсақ, эфир бөлшегі атомның ядросынан 10 миллиард есе кішкентай. Қозғалмайтын эфир бөлшектері өз орнында тек қана теңселіп тұрады. Егер оған сырттан әсер болса, ол әр кез өз орнына қайтып оралады. Ал қозғалғыш эфирдің бөлшектері қара тесікті айналып жүреді. Біздің клеткаларымыз, атомдарымыз эфирдің бөлшектеріне қарағанда өте үлкен, бірақ тығыздығы өте аз, сондықтан эфир бөлшектері біздің денемізден емін-еркін өтіп кетеді. Егер тоқтап тұрсақ немесе

бірқалыпты қозғалсақ, біздің денемізде эфир бөлшектерінің саны тұрақты, баланс болады. Егер үдемелі қозғалыста болсақ, бұл баланс бұзылады да, бізге тиетін күшті сезінеміз (инерция күші, гравитацияның бір түрі).

– **Осы теорияның көмегімен не жасауға болады?**

– Электронның радиусі, соңғы өлшеулер бойынша, шамамен $2,5 \cdot 10^{-20}$ см.

Электрон – өлшемі жағынан эфир бөлшектеріне ең жақын бөлшек.

Сондықтан электрон ағымдарын басқара отырып, ұшатын аппарат жасауға болады. Мысалы, ұшатын тарелка секілді.

Сондай-ақ, генераторлар, энергия көздерін (жанармайды қажет етпейтін) жасай аламыз. Жойқын қару да жасауға және қаруды жылдам жеткізетін аппараттарды да жасауға болады. Бірақ мен оны қаламаймын, ол бағытта жұмыс істемеймін.

Бүкіл әлем күдірет күшпен жасалса да, қарапайымдылықты ұнатады. Ол бүкіл әлемді бір ғана бөлшектен жаратқан, ол – эфир бөлшегі. Бәрі – данышпандықпен және қарапайым жасалған.

– **Теорияңыздағы жердің тартылыс күші (гравитация) Ньютон айтқандай емес пе?**

– Гравитацияның пайда болу механизмі басқаша. Екі дене бір-бірін тарту үшін оларды эфир бөлшектері бір-біріне қарай итереді. Егер дене тығыз заттардан тұратын болса, онда ол өзінен эфир бөлшектерін көп итеріп шығарады да, гравитациясы да көп болады. Гравитацияның пайда болу табиғаты сондай, денелер бір-біріне эфир арқылы тартылады. Барлық жұлдыздар мен планеталар сфера болып келеді, олар бір-бірін тарту үшін үшінші дене арқылы итерілуі керек. Мысалы, су ішіндегі көпіршікті алсақ, судың тығыздығы көпіршіктің тығыздығынан өте үлкен. Сондықтан су көпіршікті жан-жақтан қысады, көпіршіктің гравитациясы пайда болады. Ал біздің жағдайда көпіршіктің орнында – жер планетасы, судың орнында – эфир. Эфирдің тығыздығы жердің тығыздығынан әлдеқайда көп. Біз жерді эфирге салғанда, эфирдің бір бөлігі жердің бөлшектерімен сыртқа итеріліп шығады, екінші бөлігі жердің ішінде қалады. Сыртқа шыққан эфир жерді қоршап, жан-жағынан қысады. Жердің тартылыс күші, яғни гравитациясы осылай болады.

Протондардың арасында эфир бөлшектерінің саны сырт жағындағы эфир бөлшектерінің санынан аз. Сондықтан сырт жағындағы қысым үлкен болады да, протондар бір-біріне тартылады. Дәл осындай қағидамен ұшақ қанатының көтергіш күші жұмыс істейді.

Біздің жер планетамыз өзіндегі эфирдің бір бөлігін сыртына мына

заңдылықпен $1/R^2$ итеріп шығарды, R – жердің центріне дейінгі радиус. Итеріліп шығарған эфирдің саны Архимед заңымен есептеледі (бұл жерде ескерілетін жағдай, эфирдің бір бөлігі жердің ішінде қалады). Тағы бір байқайтын нәрсе, еркін құлау үдеуінің шамасын білсек, планетаның негізінде қандай элементтерден тұратынын білуге болады. Осы теория бойынша планетаның полюстерінде еркін құлау үдеуі экваторына қарағанда үлкенірек. Құдірет күш эфирлік тордан керекті материалды суырып алып, оның азғантай бөлігінен галактиканы, жұлдыздарды, планеталарды, тағы басқаның бәрін жаратты. Осы жасалған заттардың тығыздығы эфирдің тығыздығына қарағанда өте азғантай. Қалған эфир мен жаратылған галактика пайда болған қара тесікті айналуға жіберілген. Галактикадағы барлық жұлдыздар, планеталар, т.б. – бәрі осы қозғалғыш эфирмен итеріліп жүреді. Сондықтан барлық жұлдыздар мен олардың планеталары галактикадан әртүрлі қашықтықта болса да, галактика оны бірдей жиілікпен айналады. Ал әр жұлдыздың планеталары өз жұлдызын әртүрлі жиілікпен айналады. Себебі қозғалғыш эфир оларды орбиталарымен итермейді. Бұл қозғалыс галактиканы айналу қозғалысына перпендикуляр болып келеді. Сонымен жұлдыздар, планеталар және қозғалғыш эфир бір-біріне қарағанда қозғалмайды, бірге жүзіп келеді. Тордағы эфир қозғалмайды, тек бір орнында теңселеді. Қозғалғыш эфир мен жұлдыз, планеталар судағы көпіршік-губкалар секілді. Көпіршік-губкалардың ішінде жұлдыздың, планетаның және қозғалғыш эфирдің бөлшектері бар. Бірақ олардың тығыздығы эфирмен салыстырғанда өте аз. Итеріліп шығарылған қозғалғыш эфирі сол жұлдыз, планеталарды қоршап, гравитация жасайды және бәрі бірге галактиканың орталығын айналып жүзеді.

Ол гравитацияның мөлшерін есептеп шығаруға болады. Мысалы, Жер планетасы үшін еркін құлау үдеуі эксперименталды деректермен сәйкес болып шықты – $g=9,8$ м/с². Ал қозғалмайтын эфир (тордағы эфир) жұлдыздардың және планеталардың ішіндегі балансты бұзбайды.

– Тағы қандай табиғи құбылыстарды түсіндіреді?

– Бір сұхбаттың аясында жаңа теория туралы айтып шығу мүмкін емес. Қысқаша, ғылыми дәлдікпен айтайын. Әлемде массасыз бөлшек жоқ. Негізінде, тұрақты 5 қана бөлшек бар. Олар: протон, нейтрон, электрон, фотон және эфир. Оң және теріс зарядтың табиғатын, магнетизмнің қалай пайда болатынын түсіндіреді, фотонның қалай пайда болып, қалай жоқ болатынын және тағы басқа көптеген физикалық эффектерді түсіндіреді.

– Осы ғылыми жұмысыңыздың авторлық құқығын алдыңыз ба?

- Әрине, алдым. Оны «Ізеталы теориясы» деп атадым.
- **Рақмет, аға! Еңбегіңіз жана берсін!**

**Сұхбаттасқан
Азамат ЕСЕНЖОЛ**